

3) Халықаралық қатынас және жұртшылықпен байланыс басқармасымен (Мартюшев Ю.А.) бірлесіп осы қаулыны "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Республики Казахстан" ресми басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялау арқылы бағалы

қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З. Айманбетоваға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

К е л і с і л д і
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і

2002 жылғы _____

"Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі эмиссиялайтын
мемлекеттік бағалы қағаздарды
орналастыру, сыйақы төлеу және
өтеу ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 13 мамырдағы
N 171 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
эмиссиялайтын мемлекеттік бағалы қағаздарды
орналастыру, сыйақы төлеу және өтеу
ЕРЕЖЕСІ**

Осы Ереже республикалық бюджет тапшылығын инфляцияға ұшыратпай қаржыландыру мақсатында ішкі рынокта Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі эмиссиялайтын мемлекеттік бағалы қағаздарды (бұдан әрі - мемлекеттік бағалы қағаздар) орналастыру, сыйақы төлеу және өтеу тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар:

1) Бастапқы дилер - нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің есепшоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға қолданылып жүрген лицензияны иеленген және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен (бұдан әрі - эмитент) мемлекеттік бағалы қағаздар рыногында Бастапқы дилер функцияларын

орындауға шарт жасаған (бұдан әрі - шарт) заңды тұлға;

2) Бас қаржы агенті - эмитенттің атынан және тапсырмасы бойынша мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруды және қызмет көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) Қаржы агенті - Бас қаржы агентімен жасаған мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру және қызмет көрсету туралы агенттік келісім (бұдан әрі - агенттік келісім) негізінде мемлекеттік бағалы қағаздарды инвесторлар арасында жазылу арқылы орналастыруды және қызмет көрсетуді жүзеге асыратын Бастапқы дилер;

4) Кесімді баға - эмитент белгілеген, өтініштерді қанағаттандыру аяқталатын ең төменгі баға;

5) Орташа баға - мемлекеттік бағалы қағаздардың жалпы көлемімен өлшенген, кесімді баға бойынша қалыптасқан орта баға;

6) Кесімді ставка - сыйақының эмитент белгілеген, өтініштер қанағаттандырылатын жылдық ставкасы;

7) Аукцион - :

тиісті шығарылымның дисконтты мемлекеттік бағалы қағаздарын неғұрлым жоғары бағадан бастап және кесімді бағамен аяқтай отырып өтініштерде көрсетілген дисконтталған бағалар бойынша (бағалардың көп болуын қамтамасыз ету);

тиісті шығарылымның дисконтты мемлекеттік бағалы қағаздарын кесімді ставка бойынша орналастыру. Мұндайда кесімді ставкадан төмен сыйақы ставкасы бар өтініштер де кесімді ставка бойынша қанағаттандырылады (бірыңғай баға шарты бойынша қанағаттандыру);

8) Қосымша орналастыру - :

тиісті шығарылымның дисконтты мемлекеттік бағалы қағаздарын осы шығарылымның аукционында қалыптасқан орташа баға бойынша;

тиісті шығарылымның дисконтты мемлекеттік бағалы қағаздарын осы шығарылымның аукционында қалыптасқан кесімді ставка бойынша қосымша орналастыру;

9) Қайтадан ашу - айналыстағы шығарылымның дисконтты мемлекеттік бағалы қағаздарының қосымша көлемін эмитент белгілеген уақыттан кейін жылдық сыйақы ставкасымен және осы шығарылымның аукционында белгіленген өтеу күнімен, аса жоғары бағадан бастап және кесімді бағамен аяқтай отырып өтініштерде көрсетілген бағалар бойынша орналастыру;

10) Жазылу - мемлекеттік бағалы қағаздары орналастыру барысында орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың әрбір түрі бойынша эмитент белгіленген сыйақы ставкасы пайдаланылатын және оларды инвесторлардың арасында орналастыру мақсатында қаржы агенттерінен оларды сатып алуға

өтініштер қабылданатын орналастыру;

11) Мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, сыйақы төлеу және өтеу шарттары - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк) эмитент хабарлайтын, мазмұнында шығарылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі, жарияланған орналастыру көлемі, орналастыру күні, айналыстың басталу күні, шығарылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың айналыс мерзімі, мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу жөнінде белгіленген шектеулер, мемлекеттік бағалы қағаздар үшін ақша аудару күні, сыйақы төлеу күні (егер жоспарланса), өтеу күні, қайтадан ашу күні (егер жоспарланса), мерзімінен бұрын өтеу күні (егер жоспарланса) туралы ақпарат бар мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, сыйақы төлеу және өтеу шарттары.

2. Мемлекеттік бағалы қағаздар республикалық бюджет тапшылығын инфляцияға ұшыратпай қаржыландыру мақсатында шығарылады, шығару, орналастыру, сыйақы төлеу және өтеу шарттарына және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес орналастырылады және ө т е л е д і .

3. Мемлекеттік бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының эмитент бекіткен мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, сыйақы төлеу және өтеу шарттарына, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган өзі белгілеген тәртіппен беретін ұлттық бірегейлендіру нөмірі болады.

4. Эмитент пен Ұлттық Банк арасында жасалған келісімге сәйкес Ұлттық Банк эмитенттің Бас қаржы агенті болып табылады.

5. Екінші деңгейдегі банктердің арасынан Бастапқы дилерлер эмитенттің Қаржы агенттері болып табылады.

6. Мемлекеттік бағалы қағаздарды және олар бойынша құқықтарды есепке алу, сондай-ақ олармен жасалған мәмілелерге техникалық қызмет көрсету Бастапқы дилерлердің "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамындағы (бұдан әрі - Орталық депозитарий) "депо" есепшоттары бойынша және инвесторлардың Бастапқы дилерлердің "депо" есепшоттарында ашылған қосымша жеке есепшоттарында жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруға Бастапқы дилерлер қ а т ы с а д ы .

8. Инвесторлар мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруға Бастапқы дилерлер арқылы, олар бекіткен құжат айналымына сәйкес және инвестор мен оған қызмет көрсететін Бастапқы дилері арасындағы шартта келісілген тәртіппен қ а т ы с а д ы .

9. Мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру:

1) а у к ц и о н ;

2) қосымша орналастыру;

3) жазылу;

4) қайтадан ашу арқылы жүзеге асырылады.

10. Эмитент бәсекеге түспейтін ұсыныстары бар өтініштерді қанағаттандыру үлесін, сондай-ақ Бастапқы дилерлердің өтініштерін қанағаттандыру үлесін дербес белгілейді. Резидент емес инвесторлардың қатысуларын шектеу үлесін Ұлттық Банк белгілейді.

11. Эмитент Бастапқы дилерлердің мемлекеттік бағалы қағаздарды жарияланған орналастыру көлемінен жоғары немесе төмен сатып алуға өтініштерін қанағаттандыруға құқылы. Бағалар (сыйақы ставкалары) қанағаттандырылмаған кезде эмитент орналастыруды болмаған деп жариялауға құқылы.

12. Мемлекеттік бағалы қағаздарды қайтадан ашу (не мерзімінен бұрын өтеу) шығару, орналастыру және өтеу шарттарында қайтадан ашу (не мерзімінен бұрын өтеу) күні айқындалған мемлекеттік бағалы қағаздар үшін ғана жүзеге асырылады, мұндайда эмитентке қайтадан ашуды (не мерзімінен бұрын өтеуді) жүзеге асыру құқығы бекітіледі, бірақ міндеттеме емес.

13. Мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруға байланысты ақпарат Ұлттық Банк белгілеген электрондық мәліметтер беру жүйесі арқылы беріледі.

14. Электрондық мәліметтер беру жүйесі арқылы берілген электрондық хабарлар Ұлттық Банк пайдаланатын бағдарламалық криптографиялық корғау жүйесінің көмегімен шифрланады.

15. Техникалық себептер бойынша электрондық мәліметтер беру жүйесі арқылы хабарлар беруге мүмкіндік болмаған жағдайда, осы хабарларды беру осы Ереженің 1 және 2 қосымшаларының нысандары бойынша қағаз тасымалдағыштарда жүзеге асырылады.

2-тарау. Аукцион өткізу тәртібі

16. Эмитент мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, сыйақы төлеу және өтеу шарттарын Ұлттық Банкке мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылғанға дейін кемінде 5 жұмыс күні бұрын хабарлайды.

17. Алынған мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, сыйақы төлеу және өтеу шарттарын Ұлттық Банк Бастапқы дилерлерге және Орталық депозитарийге оларды алғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде хабарлайды.

18. Бастапқы дилерлер аукцион өткізілетін күні сағат 9-00-дан 11-00-ге дейін Ұлттық Банкке мемлекеттік бағалы қағаздарды бәсекеге түсетін және/немесе бәсекеге түспейтін ұсыныстармен сатып алуға өтініштер береді.

19. Бәсекеге түсетін бар ұсыныстарда:

дисконтты мемлекеттік бағалы қағаздар үшін сатып алынатын мемлекеттік бағалы қағаздардың саны, нақты құны және бір мемлекеттік бағалы қағаздың дисконтталған бағасы, нақты құны және дисконтталған баға бойынша жалпы сатып алу бағасы көрсетіледі;

купондық мемлекеттік бағалы қағаздар үшін сатып алынатын мемлекеттік бағалы қағаздардың саны, нақты құны және бір мемлекеттік бағалы қағаздың дисконтталған бағасы, нақты құны және дисконтталған баға бойынша жалпы сатып алу бағасы, жылдық сыйақы ставкасы көрсетіледі.

20. Бәсекеге түспейтін ұсыныстарда:

дисконтты мемлекеттік бағалы қағаздар үшін сатып алынатын мемлекеттік бағалы қағаздардың аукционда қалыптасқан орташа алынған баға бойынша Бастапқы дилер сатып алуға даяр жалпы саны көрсетіледі;

купондық мемлекеттік бағалы қағаздар үшін сатып алынатын мемлекеттік бағалы қағаздардың аукционда қалыптасқан кесімді ставка бойынша Бастапқы дилер сатып алуға даяр жалпы саны көрсетіледі.

21. Келіп түскен өтініштерді Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшесі аукцион өткізілетін күні сағат 9-30-дан 11-00-ге дейін тіркеуге қабылдайды.

22. Ресімдеу тәртібін бұза отырып толтырылған және талданбайтын өтініштер тіркеуге қабылданбайды.

23. Уәкілетті орган өтініштерді келіп түсуіне және тіркелуіне орай Ереженің 3 және 4 қосымшаларындағы нысан бойынша аукционның жиынтық ведомосына жинақтайды, оған уәкілетті бөлімшенің басшысы қол қояды.

24. Аукционның жиынтық ведомосы аукцион өткізілетін күні 11-30-дан кешіктірілмей кесімді бағаны (не кесімді ставканы) белгілеу және мемлекеттік бағалы қағаздардың оған сәйкес келетін көлемі енгізілген аукционның баға шарттары туралы шешім, сондай-ақ қосымша орналастыруды өткізу (өткізбеу) туралы шешім қабылдау үшін факсимилді байланыс құралдарымен эмитентке беріледі.

25. Эмитент аукцион өткізілетін күні 11-30-дан кешіктірмей уәкілетті бөлімшеге аукционның баға шарттарын хабарлайды.

26. Эмитент аукцион өткізілетін күні шұғыл түрде жарияланған шығару, орналастыру, сыйақы төлеу және өтеу шарттарын Бастапқы дилерлердің немесе инвесторлардың мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуын шектеу және бәсекеге түспейтін ұсыныстар бар өтініштерді қанағаттандыру бойынша өзгертуге құқылы.

27. Уәкілетті бөлімше аукционның баға шарттары туралы шешімі негізінде мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырады.

28. Аукцион өткізу кезінде жарияланған шығару, орналастыру, сыйақы төлеу

және өтеу шарттары шегінде бірінші кезекте бәсекеге түспейтін ұсыныстары бар, одан кейін бәсекеге түсетін ұсыныстары бар өтініштер қанағаттандырылады.

29. Уәкілетті бөлімше аукцион өткізетін күні 15-00 сағаттан кешіктірмей эмитенттің аукционның баға шарттары туралы шешімін алғаннан кейін Бастапқы дилерлерге осы Ереженің 2-қосымшасындағы нысан бойынша аукциондағы өтініштердің қанағаттандырылған көлемі туралы ескертпе береді.

30. Егер қосымша орналастыру жүргізілмеген жағдайда, аукционда мемлекеттік бағалы қағаздар орналастырудың нәтижесі аукцион өткізілетін күні 15-00 сағаттан кешіктірілмей Орталық депозитарийге беріледі.

31. Уәкілетті бөлімше аукционның жиынтық ведомосының түпнұсқасын аукцион өткізілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей эмитентке береді.

32. Эмитент қосымша орналастыру туралы шешім қабылдаған жағдайда эмитент аукционның баға шарттарын және қосымша орналастыру шарттарын аукцион өткізілген күні 14-00 сағаттан кешіктірілмей хабарланады.

3-тарау. Қосымша орналастыруды жүргізу тәртібі

33. Мемлекеттік бағалы қағаздарды қосымша орналастыру аукцион өткізілген күні жүргізіледі.

34. Ұлттық Банк қосымша орналастыру шарттарын Бастапқы дилерлерге сағат 14-30-дан кешіктірмей хабарлайды. Қосымша орналастыруды жүргізу шарттарына мынадай ақпарат кіреді: қосымша орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының ұлттық бірегейлендіру нөмірлері, қосымша орналастыру көлемі, орташа алынған баға (не кесімді ставка), өтініштерді қабылдау уақыты.

35. Уәкілетті бөлімше қосымша орналастыруға келіп түскен өтініштерді тіркеу үшін қосымша орналастыруды жүргізу шарттарында көрсетілген уақытқа дейін қабылдайды.

36. Уәкілетті орган өтініштерді келіп түсуіне және тіркелуіне орай Ереженің 5 және 6 қосымшаларындағы нысан бойынша қосымша орналастырудың жиынтық ведомосына жинақтайды, оған уәкілетті бөлімшенің басшысы қол қояды.

37. Қосымша орналастырудың жиынтық ведомосы қосымша орналастырудың көлемі туралы шешім қабылдау үшін факсимилді байланыс құралдарымен эмитентке беріледі.

38. Уәкілетті бөлімше эмитенттің қосымша орналастырудың көлемі туралы шешімі негізінде мемлекеттік бағалы қағаздарды қосымша орналастыруды жүзеге асырады. Қосымша орналастыруға өтінішті қанағаттандыру кезінде олардың Ұлттық Банкке келіп түскен уақыты басымдық болып қызмет атқарады.

39. Қосымша орналастыру аяқталғаннан кейін уәкілетті бөлімше Бастапқы

дилерлерге осы Ереженің 2-қосымшасындағы нысан бойынша қосымша орналастыру үшін берілген өтініштердің қанағаттандырылған көлемі туралы е с к е р т п е б е р е д і .

40. Мемлекеттік бағалы қағаздарды қосымша орналастыру аяқталғаннан кейін уәкілетті бөлімше мемлекеттік бағалы қағаздардың аукционда орналастырудың және қосымша орналастырудың нәтижесін Орталық депозитарийге сағат 18-00-ден кешіктірмей береді.

41. Уәкілетті бөлімше қосымша орналастырудың жиынтық ведомосының түпнұсқасын тиісті ілеспе хатпен бірге эмитентке қосымша орналастыру аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде береді.

42. Уәкілетті бөлімше эмитентке осы ереженің 7-қосымшасындағы нысан бойынша, қосымша орналастыру аяқталғаннан кейін үш күннен кешіктірмей аукционда орналастырылған және қосымша орналастырылған мемлекеттік бағалы қағаздардың көлемі туралы мәліметтерді береді.

4-тарау. Қайтадан ашуды өткізу тәртібі

43. Қайтадан ашуды өткізу тәртібі осы Ереженің 2-тарауына сәйкес аукцион ө т к і з у т ә р т і б і н е ұ қ с а с .

44. Қайтадан ашу кезінде бәсекелесі бар өтініштерде сатып алынатын мемлекеттік бағалы қағаздардың саны, бір мемлекеттік бағалы қағаздың нақты құны, сатып алудың жобаланған бағасы, нақты құны бойынша сатып алудың жалпы көлемі, өтеуге дейінгі сыйақы ставкасы көрсетіледі.

45. Қайтадан ашу кезінде бәсекеге түспейтін ұсыныстары бар өтініште сатып алынатын мемлекеттік бағалы қағаздардың аукционда қалыптасқан орташа алынған баға бойынша Бастапқы дилер сатып алуға даяр жалпы саны ғана к ө р с е т і л е д і .

46. Қайтадан ашудың жиынтық ведомосына уәкілетті бөлімшенің басшысы қол қояды және осы Ереженің 8-қосымшасындағы нысан бойынша эмитентке б е р і л е д і .

47. Қайтадан ашудағы мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырудың нәтижесі қайтадан ашу өткізілген күні сағат 18-00-ден кешіктірілмей Орталық депозитарийге б е р і л е д і .

48. Уәкілетті бөлімше қайтадан ашудың жиынтық ведомосының түпнұсқасын тиісті жолдама хатпен бірге қайтадан ашу аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні і ш і н д е э м и т е н т к е б е р е д і .

49. Қайтадан ашудағы мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру көлемі

туралы мәліметтер қайтадан ашу өткізілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей осы Ереженің 7-қосымшасындағы нысан бойынша эмитентке беріледі

5-тарау. Жазылуды жүргізу тәртібі

50. Эмитент мемлекеттік бағалы қағаздарға жазылуға басталардың ресми мерзіміне дейін екі күнтізбелік апта бұрын Ұлттық Банкке қаржы агенттерінің тізбесін және жазылу шарттарын хабарлайды.

51. Ұлттық Банк жазылу шарттарын алған күні қаржы агенттеріне одан әрі инвесторларды ескерту үшін мемлекеттік бағалы қағаздарға жазылудың эмитент белгілеген шарттары мен мерзімдері туралы ескертеді.

52. Қаржы агенттерінің жазылуы арқылы мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру үшін белгіленген күні сағат 9-30-дан 16-00-ға дейін қаржы агенттері жазылу шарттарына және агенттік келісімге сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу үшін Ұлттық Банкке өтініштерін береді.

53. Уәкілетті орган өтініштердің келіп түсуіне және тіркелуіне орай оларды Ереженің 9-қосымшасындағы нысан бойынша жазылудың жиынтық ведомосына жинақтайды, оған уәкілетті бөлімшенің басшысы қол қояды және сағат 17-00-ден кешіктірілмей факсимилді байланыс құралдары арқылы эмитентке беріледі.

54. Уәкілетті бөлімше жазылудың жиынтық ведомосына негізінде сол күні сағат 18-00-ге дейін мемлекеттік бағалы қағаздарға жазылу бойынша қанағаттандырылған өтініштердің көлемін көрсете отырып қаржы агентіне осы Ереженің 2-қосымшасындағы нысан бойынша ескертпе береді.

55. Қаржы агенттерінің жазылуы бойынша мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру нәтижелері жазылу жүргізілген күні сағат 17-00-ден кешіктірілмей Орталық депозитарийге беріледі.

56. Уәкілетті бөлімше қайтадан жазылудың жиынтық ведомосының түпнұсқасын тиісті жолдама хатпен бірге қайтадан жазылу аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде эмитентке береді.

57. Жазылу бойынша мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру көлемі туралы мәліметтер жазылу жүргізілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей осы Ереженің 7-қосымшасындағы нысан бойынша эмитентке беріледі.

6-тарау. Мемлекеттік бағалы қағаздар үшін ақы төлеу тәртібі

58. Уәкілетті бөлімше және Бастапқы дилерлер қанағаттандырылған өтініштердің көлемі туралы ескертпе негізінде мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және орналастыру шарттарымен эмитент белгілеген ақы төлеу күні сағат

17-00-ден кешіктірмей "Орталық депозитарийдің ережелер жиынтығына" сәйкес ақшаны есептен шығару және "депо" есепшоттары бойынша мемлекеттік бағалы қағаздарды есепке алу үшін Орталық депозитарийге "депо" тапсырмасын (бұдан әрі - "депо" тапсырмасы) береді.

59. Осы күні, Ұлттық Банктен және Бастапқы дилерлерден "депо" тапсырмаларының келіп түсуіне орай Орталық депозитарий оларды салыстырып тексереді және салыстырып тексерудің нәтижесі бойынша банкаралық ақша аудару жүйесіндегі Бастапқы дилер позициясынан ақшаны есептен шығаруға (бұдан әрі - Бастапқы дилердің позициясы) және банкаралық ақша аудару жүйесіндегі Орталық депозитарий позициясына есепке алуға (бұдан әрі - Орталық депозитарийдің позициясы) төлем тапсырмасы қалыптастырылады және "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - Орталық) беріледі.

60. Орталық депозитарийге Ұлттық Банк және Бастапқы дилерлер берген "депо" тапсырмалары сәйкес келмеген жағдайда Орталық депозитарий тапсырмалардың тек сәйкес келетін тармақтары бойынша ғана Бастапқы дилердің позициясынан ақшаны есептен шығаруға және оны Орталық депозитарийдің позициясына есепке алуға Орталыққа төлем тапсырмасын береді.

61. Орталық Бастапқы дилердің позициясындағы бар ақшаны төлем тапсырмасында көрсетілген ақша сомасымен салыстырады. Бастапқы дилердің позициясында ақша жетіспеген кезде Орталық Бастапқы дилердің позициясынан Орталық депозитарийдің позициясына ақша аударылады. Орталық депозитарийде, оның позициясына ақша есепке алынғаннан кейін он бес минут ішінде банкаралық ақша аудару жүйесіндегі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің (бұдан әрі - Қазынашылық) позициясына ақша аудару туралы тапсырмасы қалыптастырылады және Орталыққа жіберіледі.

62. Бастапқы дилердің позициясында ақша жетіспеген кезде Орталық депозитарий ақшаның жетіспеушілігі туралы Орталықтан алынған ескертпе негізінде Ұлттық Банкке және Бастапқы дилерге тапсырманың орындалмағаны туралы ескертпе жібереді.

63. Бастапқы дилердің позициясынан ақшаны есептен шығару туралы Орталықтан алынған ескертпе негізінде Орталық депозитарий мемлекеттік бағалы қағаздарды Бастапқы дилердің "депо" есепшотына есепке алады.

64. Мемлекеттік бағалы қағаздар Бастапқы дилердің "депо" есепшотына есепке алынғаннан кейін Орталық депозитарий Ұлттық Банкке және Бастапқы дилерлерге "депо" тапсырмаларының орындалғаны туралы хабар жібереді.

65. Бастапқы дилер және Ұлттық Банк "депо" тапсырмасының орындалмағаны туралы ескертпе алған жағдайда, Бастапқы дилер және Ұлттық Банк "депо" тапсырмасының орындалмауына әкеп соққан себептердің жойылғандығына алдын ала көз жеткізе отырып "депо" тапсырманы Орталық депозитарийге қайтадан жіберуге құқылы.

66. Орталық депозитарийдің "депо" тапсырмасының орындалғаны туралы ескертпесі негізінде Ұлттық Банк аталған ескертпені алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазынашылыққа осы Ереженің 10-қосымшасындағы нысан бойынша Бастапқы дилерлердің мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алғаны үшін ақша аударылғаны туралы мәлімет жібереді.

67. Орталық депозитарийден "депо" тапсырмасының орындалғаны туралы ескертпені алғаннан кейін Бастапқы дилерлер, егер инвестордың Бастапқы дилермен жасасқан шартта өзгеше көзделмесе, инвесторға оның мемлекеттік бағалы қағаздарды меншіктеу құқығын растайтын қағазға шығарылған куәлік береді.

7-тарау. Сыйақы төлеу және мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу тәртібі

68. Мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу (сыйақы төлеу) күніне дейін екі жұмыс күні бұрын сағат 15-00-ге дейін Бастапқы дилерлер Орталық депозитарийге өтеуді (сыйақы төлеуді) жүзеге асыруға "депо" тапсырмасын және өзінің банктік деректемелерін береді.

69. Орталық депозитарий Бастапқы дилердің "депо" есепшотындағы мемлекеттік бағалы қағаздардың жеткілікті санының бар екендігін тексере отырып "депо" тапсырмасында көрсетілген мемлекеттік бағалы қағаздардың с а н ы н о қ ш а у л а й д ы .

70. Орталық депозитарий сол күні сағат 17-30-дан кешіктірмей мемлекеттік бағалы қағаздардың тиісті шығарылымының санын, тиісті шығарылымды өтеу (сыйақы төлеу) кезінде төленетін соманы көрсете отырып олардың алдағы болатын өтелімі (сыйақы төлемі) туралы мәліметтерді және Орталық депозитарийдің банктік деректемелерін уәкілетті бөлімшеге береді.

71. Орталық депозитарийдің мемлекеттік бағалы қағаздардың тиісті шығарылымдардың алдағы болатын өтелімдері (сыйақы төлемдері) туралы мәліметтерінің негізінде уәкілетті бөлімше алдағы болатын өтелімдері (сыйақы төлемдері) туралы мәліметтерді және Орталық депозитарийдің банктік деректемелерін эмитентке береді.

72. Эмитент мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу (сыйақы төлеу) күні сағат 15-00-ге дейін алдағы болатын өтелім (сыйақы төлемі) туралы мәліметтерге сәйкес Орталық депозитарийдің позициясына ақша аударады.

73. Мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу (сыйақы төлеу) үшін Бастапқы дилердің позициясына ақша аударуды олардың нақты құны бойынша (тиісті сыйақы мөлшері бойынша тиісті кезең үшін есептелген мөлшерде) өтеу (сыйақы төлеу) күні сағат 16-00-ге дейін Орталық депозитарий жүргізеді.

74. Мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу үшін ақша аударылғаннан кейін Орталық депозитарий мемлекеттік бағалы қағаздарды Бастапқы дилерлердің "депо" есепшотынан есептен шығаруды (өтеуді) жүзеге асырады.

75. Мемлекеттік бағалы қағаздар өтелгеннен (сыйақы төленгеннен) кейін жүргізілген өтеу (сыйақы төлеу) туралы хабар сол күні Ұлттық Банкке және одан әрі эмитентке жіберіледі.

76. Жоғарыда келтірілген өтеу тәртібі мемлекеттік бағалы қағаздардың тиісті шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу жағдайына да қолданылады.

77. Эмитент мерзімінен бұрын өтеу шартын мерзімінен бұрын өтеу күніне дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкке хабарлайды.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 13 мамырдағы
N 171 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі эмиссиялайтын
мемлекеттік бағалы қағаздарды
орналастыру, сыйақы төлеу және

өтеу ережесіне 1-қосымша

шығыс нөмірі

200__ жылғы " __ " _____

200__ жылғы " __ " _____ N _____ шығарылым бойынша _____ (орналастыру түрі (аукцион, қосымша орналастыру, қайтадан ашу, жазылу) көрсетіледі) _____ (мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі) мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға

ӨТІНІШ

Бағалы қағаздар рыногының Бастапқы дилер ретіндегі N _____
(ресми атауы және

_____ кәсіби қатысушысы, Қазақстан
Республикасының
"депо" есепшоты)

Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік есепшотының N _____

—
БИК _____, мынадай баға шарттары бойынша айналыс мерзімі _____ күн және
өтеу күні _____

(мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі)

сатып алуға дайын екендігін білдіреді:

Тармақ. | Бағалы | Бастапқы | Бір мемлекеттік | Номиналды | Сыйақы | Өтелгенге
тың | қағаз. | дилердің | бағалы қағаздың | құны | ставкасы / | дейінгі
нөмірі | дардың | "депо" | номиналды құны | бойынша | Бір мем. | сыйақы

N | саны | есепшоты | (теңге) | сатып алу | лекеттік | ставкасы

| (дана) | | | көлемі | бағалы | (қайтадан

| | | | (теңге) | қағаздың | ашу үшін

| | | | бағасы | көрсеті.

| | | | (теңге) | леді) /

| | | | Өтініш

| | | | қанағат.

| | | | тандырыл.

| | | | ған

| | | | кездегі

| | | | сатып алу

| | | | көлемі

| | | | (теңге)

бәсекеге түсетін ұсыныс

ЖИЫНТЫҒЫ:

бәсекеге түспейтін ұсыныс

ЖИЫНТЫҒЫ:

Басшы _____ аты-жөні

Бас бухгалтер _____ аты-жөні

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының

2002 жылғы 13 мамырдағы
N 171 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі эмиссиялайтын
мемлекеттік бағалы қағаздарды
орналастыру, сыйақы төлеу және

өтеу ережесіне 2-қосымша

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

Бастапқы дилерге
(толық атауы, "депо" есепшоты)
Бірінші басшысы
(лауазымы, аты-жөні)
Орналасқан жері

_____ N _____

ЕСКЕРТПЕ

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Сіздің Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі эмиссиялаған, 200_ жылғы "___" _____ N _____
шығарылым бойынша _____ (орналастыру түрі (аукцион, қосымша
орналастыру, қайтадан ашу, жазылу) көрсетіледі) мемлекеттік бағалы
қағаздарын сатып алуға өтінішіңіздің _____ теңге сомаға
қанағаттандырылғандығын ескертеді.

_____ N өтініштің |Бастапқы | Мемлекеттік |Сыйақы ставкасы/| Сатып алудың
тармағы |дилердің | бағалы |Бір мемлекеттік |қанағаттандырылған
| "депо" | қағаздардың |бағалы қағаздың | көлемі,
|есепшоты | саны | бағасы | (теңге)
| | (дана) | (теңге) |

ЖИЫНТЫҒЫ:

Мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар
жүргізуге уәкілетті бөлімшенің басшысы _____

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 13 мамырдағы

N 171 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі эмиссиялайтын
мемлекеттік бағалы қағаздарды
орналастыру, сыйақы төлеу және
өтеу ережесіне 3-қосымша

Дисконттық мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға келіп

түскен өтініштер
АУКЦИОНЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСЫ

___ жылғы ___ (шығарылымның ұлттық бірегейлендіру нөмірі)
өтеу күні ___ айналыс мерзімі ___ N ___ шығарылым

Аукционның шарттары төмендегіше белгіленді:

Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатудың белгіленген көлемі ___ млн. теңге

Бір қатысушыға шаққанда өтініштерді қанағаттандыруды шектеу проценті
___%

Жарияланған көлемнен бәсекеге түспейтін ұсыныстарды қанағаттандыру
проценті ___%

Қазақстан Республикасының резидент емес инвесторларының қатысу проценті
___%

Резидент еместер үшін жарияланған көлемнен бәсекеге түспейтін ұсыныстарды
қанағаттандыру проценті ___%

Өті.	Өтініште	Осы баға	Резиденттер сатып алған	Резидент еместер сатып
ніш.	көрсетіл.	бойынша	мемлекеттік бағалы	алған мемлекеттік
те	ген баға	берілген	қағаздардың көлемі	бағалы қағаздардың
көр.	бойынша	өтініш.		көлемі
се.	сыйақы	тердің		
тіл.	ставкасы,	саны	Мемлекеттік	Өтініштерді
ген	%		бағалы қанағаттан.	бағалы қанағат-
баға			қағаздардың	дыру қағаздардың
			саны, дана	кезінде саны, дана
			кезіп	кезіп
			түскен сома	түскен сома

Жиынтығы

Өспелі жиынтық				Аукционда Орташа	
Аукцион бойынша ақша түсімдерінің көлемі				қалыптас. алынған	
				қан,	баға
				орташа бойынша	
Аталған шектеулерді ескере отырып		Аталған шектеулерді ескермей		алынған сыйақы.	
				ның	
				жылдық	
дана	теңге	дана	теңге	ставкасы,	
				%	

Қабылданған өтініштердегі 1 мемлекеттік бағалы қағаздың орташа бағасы: _____ Бәсекеге түспейтін ұсыныстардағы мемлекеттік бағалы қағаздардың саны: _____ дана

Мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшенің басшысы _____ (аты-жөні)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 13 мамырдағы
N 171 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі эмиссиялайтын
мемлекеттік бағалы қағаздарды
орналастыру, сыйақы төлеу және
өтеу ережесіне 4-қосымша

_____ (мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі (МЕККАМ, МЕОКАМ, МЕИКАМ, МЕАКАМ) купондық мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алуға

келіп түскен өтініштер
АУКЦИОНЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСЫ

_____ жылғы _____ (шығарылымның ұлттық бірегейлендіру нөмірі) өтеу күні _____ айналыс мерзімі _____ N _____ шығарылым

Аукционның шарттары төмендегіше белгіленді:

Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатудың белгіленген көлемі _____ млн. теңге

Бір қатысушыға шаққанда өтініштерді қанағаттандыруды шектеу

проценті _____%

Бәсекеге түспейтін ұсыныстарды қанағаттандыру проценті _____%

Қазақстан Республикасының резидент емес инвесторларының қатысу проценті _____%

Бәсекеге түспейтін ұсыныстарды резидент еместер үшін қанағаттандыру проценті _____%

Өтініш.	Резиденттер сатып алған	Резидент еместер сатып	Аукцион бойынша
те көр.	мемлекеттік бағалы	алған мемлекеттік	келіп түскен
сетіл.	қағаздардың көлемі	бағалы қағаздардың	ақшаның өспелі
ген		көлемі	жиынтығы
сыйақы			
став.	Мемлекеттік	Өтініштерді	Мемлекеттік
касы,	бағалы	қанағаттан.	бағалы
%	қағаздардың	дыру	қағаздардың
	саны, дана	кезіндегі	саны, дана
		түсімдердің	түсімдердің
		көлемі,	көлемі,
		теңге	теңге

Бәсекеге түспейтін ұсыныстардағы мемлекеттік бағалы қағаздардың саны және көлемі: _____ дана, көлемі _____ теңге

Бір мемлекеттік бағалы қағазға есептелген сыйақының орташа ставкасы

Мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар

жүргізуге уәкілетті бөлімшенің басшысы _____ (аты-жөні)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 13 мамырдағы
N 171 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі эмиссиялайтын
мемлекеттік бағалы қағаздарды
орналастыру, сыйақы төлеу және

өтеу ережесіне 5-қосымша

Дисконттық мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға келіп түскен

өтініштерді

ҚОСЫМША ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСЫ

___ жылғы ___ (шығарылымның ұлттық бірегейлендіру нөмірі)

өтеу күні ___ айналыс мерзімі ___ N ___ шығарылым

Қосымша орналастырудың шарттары төмендегіше белгіленді:

Осы шығарылымның аукционда қалыптасқан орташа алынған бағасы ___ теңге

Мемлекеттік бағалы қағаздарды қосымша орналастырудың белгіленген көлемі

___ млн. теңге

Бір қатысушыға шаққанда өтініштерді қанағаттандыруды шектеу

проценті ___ %

Қазақстан Республикасының резидент емес Инвесторлардың өтініштерін

қанағаттандыруды шектеу проценті ___ %

Өтініш.	Орташа		Резиденттер қосымша		Резидент еместер
тің	алынған		орналастырған мемлекеттік	қосымша орналастырған	
рет	баға	Өтініш.	бағалы қағаздардың көлемі	мемлекеттік бағалы	
саны	бойынша	тердің		қағаздардың көлемі	
	сыйақы.	саны			
	ның		Мемлекеттік	Өтініштерді	Мемлекеттік
	жылдық		бағалы	қанағаттан.	бағалы
	став.		қағаздардың	дыру	қағаздардың
	касы		саны, дана	кезінде	саны, дана
	%			келіп	
				келіп	
			түскен сома		түскен сома

жиынтығы

таблицаның жалғасы

Өспелі жиынтық

Қосымша орналастыру көлемі

Аталған шектеулерді | Аталған шектеулерді

ескере отырып | ескермей

дана | теңге | дана | теңге

Мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар

жүргізуге уәкілетті бөлімшенің басшысы _____ (аты-жөні)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 13 мамырдағы
N 171 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі эмиссиялайтын
мемлекеттік бағалы қағаздарды
орналастыру, сыйақы төлеу және

өтеу ережесіне 6-қосымша

_____ (мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі (МЕККАМ, МЕОКАМ,

МЕИКАМ, МЕАКАМ) купондық мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алуға

келіп түскен өтініштерді

ҚОСЫМША ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСЫ

___ жылғы ___ (шығарылымның ұлттық бірегейлендіру

нөмірі) өтеу күні ___ айналыс мерзімі ___ N ___ шығарылым

Қосымша орналастырудың шарттары төмендегіше белгіленді:

Осы шығарылымның аукционда қалыптасқан сыйақы ставкасы ___ %

Мемлекеттік бағалы қағаздарды қосымша орналастырудың белгіленген көлемі

___ млн. теңге

Бір қатысушыға шаққанда өтініштерді қанағаттандыруды шектеу

проценті _____ %

Қазақстан Республикасының резидент емес инвесторларының

өтініштерін қанағаттандыруды шектеу проценті _____ %

Өтініш. | Резиденттер сатып | Резидент еместер | Қосымша орналастыру бойынша

тің | алған мемлекеттік | сатып алған | келіп түскен ақшаның өспелі

нөмірі | бағалы қағаздар. | мемлекеттік | жиынтығы

және | | дың көлемі | бағалы қағаздар. |

өтініш. | | дың көлемі |

тің | | |

келіп	Мемле. Өтініш.	Мемле. Өтініш.		Аталған		Аталған
түскен	кеттік	терді	кеттік терді		шектеулерді	шектеулерді
уақыты	бағалы	қана.	бағалы	қана.		ескере отырып ескермей
	қағаз.	ғаттан.	қағаз. ғаттан.		_____	_____
	дардың	дыру	дардың	дыру		дана тең. аук. дана тең. аук.
	саны,	кезін.	саны, кезін.		ге	цион. ге цион.
	дана	дегі	дана	дегі		ды ды
		түсім.		түсім.		ескере еске.
		дердің		дердің		отырып ре
		көлемі,		көлемі,		оты.
		теңге		теңге		рып

Мемлекеттік	бағалы	қағаздармен
операциялар	жүргізуге	уәкілетті
бөлімшенің басшысы	_____ (аты-жөні)	

Қазақстан Республикасының
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 2002 жылғы 13 мамырдағы
 N 171 қаулысымен бекітілген
 Қазақстан Республикасының Қаржы
 министрлігі эмиссиялайтын
 мемлекеттік бағалы қағаздарды
 орналастыру, сыйақы төлеу және
 өтеу ережесіне 7-қосымша

 эмитенттің атауы

___жылғы ___ N ___ шығарылым бойынша

_____ (орналастыру түрі

(аукцион, қосымша орналастыру, қайтадан ашу, жазылу) көрсетіледі)

бойынша мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі

Бастапқы дилерлер арасында мемлекеттік бағалы қағаздарды

орналастыру туралы

МӘЛІМЕТ

Өтеу күні	Бастапқы дилердің атауы	Номиналды құны бойынша	көлемі	Өтініште көрсетілген баға бойынша	көлемі	Айырмашылық
		белгіленген	теңгемен	белгіленген	теңгемен	белгіленген
		валютамен		валютамен		ген
				валютамен		

Жиынтығы

Мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге уәкілетті бөлімшенің басшысы _____

(аты-жөні)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 13 мамырдағы
N 171 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі эмиссиялайтын
мемлекеттік бағалы қағаздарды
орналастыру, сыйақы төлеу және

өтеу ережесіне 8-қосымша

Купондық мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға келіп түскен

өтініштерді

ҚАЙТАДАН АШУДЫҢ ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСЫ

_____ жылғы _____ (шығарылымның ұлттық бірегейлендіру нөмірі)

өтеу күні _____ айналыс мерзімі _____ N _____ шығарылым

Қайтадан ашудың шарттары төмендегіше белгіленді:

Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатудың белгіленген көлемі _____ млн. теңге

Осы шығарылымның аукционда қалыптасқан жылдық сыйақы ставкасы _____ %

Бір қатысушыға шаққанда өтініштерді қанағаттандыруды шектеу проценті _____ %

Жарияланған көлемнен бәсекеге түспейтін ұсыныстарды қанағаттандыру проценті _____ %

Қазақстан Республикасының резидент емес инвесторларының қатысу проценті _____ %

Бәсекеге түспейтін ұсыныстарды резидент еместер үшін қанағаттандыру проценті _____ %

Өті.		Өтініште		Осы баға		Резиденттер сатып		Резидент еместер сатып
ніште		көрс.		бойынша		алған мемлекеттік		алған мемлекеттік
көрс.		тілген		берілген		бағалы қағаздардың		бағалы қағаздардың
тіл.		баға		өтініш.		көлемі		көлемі
ген		бойынша		тердің				
баға		сыйақы		саны		Мемлекеттік		Өтініштерді
		став.				бағалы		қанағат.
		касы,				қағаздар.		тандыру
		%				дың саны,		кезінде
						тана		келіп
						түскен		түскен
				сома		сома		

Жиынтығы

таблицаның жалғасы

Өспелі жиынтық		Қайтадан ашу		Орташа
Қайтадан ашу бойынша түскен ақшаның көлемі		кезінде		алынған баға
		қалыптасқан,		бойынша
Аталған шектеулерді		Аталған шектеулерді		орташа
жылдық		ескере отырып		ескермей
		алынған		сыйақы
		баға		ставкасы,
тана		теңге		тана
		теңге		%

Аукционда және қосымша орналастыруда Көлемі _____ теңге
сатып алынған мемлекеттік бағалы

қағаздардың саны: _____ дана.

Қабылданған өтініштердегі

1 мемлекеттік бағалы қағаздың
орташа бағасы:

Бәсекеге түспейтін ұсыныстардағы
мемлекеттік бағалы қағаздардың

саны: _____ дана

Мемлекеттік
операциялар
бөлімшенің басшысы

бағалы
жүргізуге

қағаздармен
уәкілетті

_____ (аты-жөні)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 13 мамырдағы
N 171 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі эмиссиялайтын
мемлекеттік бағалы қағаздарды
орналастыру, сыйақы төлеу және

өтеу ережесіне 9-қосымша

Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға келіп түскен өтініштерге

ЖАЗЫЛУДЫҢ ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСЫ

_____ жылғы _____ (шығарылымның ұлттық бірегейлендіру нөмірі)

өтеу күні _____ айналыс мерзімі _____ N _____ шығарылым

Жазылу шарттары төмендегіше белгіленді:

Эмитент жариялаған сыйақы ставкасы _____ %

Мемлекеттік бағалы қағаздарға жазылудың белгіленген көлемі _____ млн. теңге

Бір қатысушыға шаққанда өтініштерді қанағаттандыруды шектеу проценті
_____ %

Қазақстан Республикасының резидент емес Инвесторларының өтініштерін
қанағаттандыруды шектеу проценті _____ %

Өтініш. нөмірі	Жылдық сыйақы став.	Өтініш. тердің саны	Резиденттер жазылған кағаздардың көлемі	Резидент емес жазылған кағаздардың көлемі
	касы,		Мемлекеттік бағалы қағаздар. дың саны, дана	Мемлекет- бағалы қағаздар. дың саны, дана
	%		Өтініштерді қанағаттан. дыру	Өтініштерді қанағаттан. дыру
			Мемлекеттік бағалы қағаздар. дың саны, дана	Мемлекет- бағалы қағаздар. дың саны, дана
			түскен	түскен
		сома	сома	

ЖИЫНТЫҒЫ

Өспелі жиынтық						Берілген
Жазылу көлемі						өтініштерді
						ескере
Аталған шектеулерді			Аталған шектеулерді			отырып
есепке алып			есепке алмай			мемлекеттік
						бағалы
						қағаздарға
дана		теңге		дана		жазылу
						әдісі
						бойынша
						орналасты.
						рылмаған
				көлем, теңге		

Мемлекеттік операциялар бөлімшенің басшысы	бағалы жүргізуге (аты-жөні)	қағаздармен уәкілетті
--	-----------------------------	-----------------------

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 13 мамырдағы
№ 171 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі эмиссиялайтын
мемлекеттік бағалы қағаздарды
орналастыру, сыйақы төлеу және
қосымша

ЭМИТЕНТТІҢ АТАУЫ

жылғы N шығарылым бойынша

Мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі
Мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алғаны үшін
Бастапқы дилерлердің республикалық бюджетке ақша аударуы туралы
МӘЛІМЕТ

Реттік нөмірі	Бастапқы дилердің атауы	Төлем тапсырмасының нөмірі	Ақшаның республикалық бюджетке есепке	Сомасы
		алынған күні		

Жиынтығы

Мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар

жүргізуге уәкілетті бөлімшенің басшысы _____ (аты-жөні)

Мамандар:

Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Жұманазарова А.Б.